

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ТҮР-ТҮС СИМВОЛИКАСЫ – ӘРБІР ХАЛЫҚТЫҢ ӨЗІНДІК ФЕНОМЕНІН ТАНЫТАТЫН ҚҰБЫЛЫС

Қасым Айдана Еркінқызы

aidanka-94-12@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕНУ, Сәулет-құрылыс факультеті,
«Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан.
Ғылыми жетекшісі – Ш.М.Тусупбекова

Бүгінгі таңда әлемдік лингвистикада түр-түс атауларының зерттелуіне айрықша мән беріліп келеді. Бұның себептері көп: ең алдымен, атап айтар болсақ, көптеген ғалымдар түр-түс атауларын бірыңғай психологиямен байланыстырады. Өйткені психологтар табиғатта түр-түс толқындары болады, түр-түс дегеніміздің өзі адамның миы мен көзінің жемісі, бұл нервке қатысты деп есептейді.

Физика саласындағы ғалымдарды түр-түстің энергетикалық табиғаты қызықтырады, физиологтар болса, адам көзінің түр-түсті қабылдау үдерісін зерттейді, психологтар түр-түс адамның психологиясына қалай әсер етеді, қандай эмоция туғызады деген мәселелерді қарастырады, гуманитарлық салаларда (көркем әдебиет пен көркем өнерде) түр-түстің эстетикалық қызметіне көңіл бөлінеді. Ал лингвистикада, оның ішінде, әсіресе, когнитивтік лингвистика саласында түр-түс атауларын сол тілді иеленушілердің әлем бейнесі тұрғысында жинақтаған өмірлік тәжірибесін, рухани болмысындағы ерекшеліктерді танытатын тілдік дереккөздер ретінде қарастыру қарқынды жүре бастады. Лингвистикада түр-түс атаулары американдық ғалымдар Л. Уорф, Э. Сепир еңбектерінде, көптеген жекелеген тіл білімдерінде түр-түс атауларының концептуалдық, символикалық т.б. сипаттары туралы зерттеулердің туындауына түрткі болды. Мысалы, қазақ тіл білімінде түр-түс атауларын Н.Н. Аитованың, Ш.Қ. Жарқынбекованың зерттеулерін атауға болады[1].

Түр-түс атаулары, түр-түс символикасы – әрбір халықтың өзіндік феноменін танытатын күрделі құбылыс. Осыған байланысты қазіргі кезде жедел даму үстіндегі тілдердің қолданылуының когнитивті және прагматикалық аспектілерінің зерттелуінің аясында түр-түс атаулары да жиі қарастырылып келеді. Өйткені түр-түс атауларының лингвистикасы «тіл және ойлау», «тіл және қоғам», «әлемнің тілдік бейнесі» сияқты іргелі мәселелердің жаңа қырларын таныта алады. Сонымен қатар түр-түс атаулары мәдениетаралық коммуникацияда да ерекше маңызға ие.

Тілші-ғалымдар түр-түс атауларының барлық аспектілеріне назар аударып келеді. Ғалымдарды төмендегі мәселелер ойландырады:

- әрбір ұлтқа тән маңызды (когнитивті және прагматикалық тұрғыдан) түр-түс атауларын ажырату;
- түр-түс атауларына лингвистикалық парадигма ретінде қарап, зерттеу;
- түр-түсті қабылдау мен оны атаудың универсалиялары;
- лексикалық-семантикалық ақпарат беретін компоненттерді зерделеу;
- түр-түс атауларының семантикалық өрісінің корреляциясын анықтау;
- түр-түс атауларын метатіл ретінде зерттеу;
- әрбір халықтың түр-түс атауларының лингвомәдени ерекшеліктерін салыстырып, кешенді түрде сипаттау және т.б.

Осы аталғандардың ішінде бірнеше аспект айрықша маңызды болып, қазірге дейін, зерттеулердің көп болғандығына қарамастан, қызу пікірталас тудырып отыр. Атап айтқанда, мұндай мәселелердің бірі – әрбір ұлтқа тән маңызды, ұлттық этносимволиканы білдіретін түр-түс атауларын ажырату. Көптеген ғалымдар И. Гётедің жүйесін атап өтеді; ол барлық түр-түс спектрін үш топқа бөлген:

1. Негізгі түстер: сары, көк, қызыл; басқа түстер осы арқылы жасалады.

2. Бірінші дәрежедегі құрамдас түстер – жасыл, қызыл сары (оранжевый), сия көк, бұлар негізгі екі түстің араласуы арқылы жасалады.
3. Екінші дәрежедегі құрамдас түстер – бірінші дәрежедегі түстердің араласуынан пайда болған түстер[2,3].

Америкалық лингвистер Б. Берлин мен П. Кей пікірі бұл мәселенің анық-қанығын ашып берді деп есептеуге болады. Олар 98 тілдегі түр-түс атауларын зерттеп, жинақтаған материалдың негізінде 11 негізгі түсті көрсетеді: basic colour terms – black (қара), white (ақ), red (қызыл), yellow (сары), green (жасыл), blue (көк), brown (қоңыр), purple (алқызыл), pink (қызғылт), orange (қызылсары), gray (сұр).

Осындай ұғымда орыс тілші ғалымдарының көпшілігі осы жіктемені мойындайды және орыс тілінде 11 негізгі түс бар деп санайды, олар – ағылшын тіліндегі « blue » дегеннің орыс тілінде екі баламасы бар деп есептейді: blue – көк (синий) және көгілдір (голубой).

Ал қазақ тіліне келер болсақ, «Сырға толы түр мен түс» кітабында қазақ тіліндегі түр-түс атауларының саны көрсетілмейді, авторлар түр-түс атауларын біршама санап шығады, бірақ олар толық емес. Бұдан басқа қазақ тіліндегі құла, шабдар, тарғыл, күрең деген түстер қазақ ұлты үшін маңызды, бұлардың қазақ халқы үшін этнобасымдығы мен этнорелеванттығы бар. Бұған қазақ көркем әдебиетінің фактілері мен паремиология, бастысы, түр-түске қатысты ғылыми зерттеулерайқын дәлел бола алады.

Парсы поэзиясындағы түр-түс атаулары негізінен шығарманың мазмұны мен тақырыбына қатысты берілген. Көне парсы қасидаларында, ақындар мереке күндері патша сарайларында болып, көктем және күз мезгілдерін көрсеткен. Бірақ ақындар өз шығармаларында көктем көрінісін өте көп бейнелеген. Ақындардың ойынша «Ертедегі ирандық ақындар шөл және қуаң даланы, көктемді, Каспийдің жап-жасыл айналасын және Мазендаранның түрлі түсті ормандарын өте керемет суреттеген» . Парсы поэзиясында түр-түстер қолданылған, тақырыбы да белгілі болған. Мысалы: ағарған шаш → кәріліктің , қарға→ақ және қара түс , алма→ сары және қызыл, жасмин, лилия және нарцисс гүлі → ақ түс, фиалка→ қара түс, жасыл жер →көк шөп және аспан әлемін бейнелуде түрлі түсті формадағы мата немесе түрлі түсті гауһарлармен салыстырылған. Қызыл, ақ түстер арқылы сүйіктісін бейнелеген және сары, қызыл түстермен ғашығын суреттеген.

Кейбір ақындар шығармасында бір түр-түс атауы әртүрлі мағына берген. Мысалы: ақындар سبز [сәбз] жасыл түсті→خضرا [хәзәра]→زمردگ [зоморродгун] ашық жасыл → زبړجدي ن [зәбәрджәдин] зеленый с оливковым оттенком→مينانگ ون [минагун] ашық көк деп көрсеткен, бірақ оның бәрі тек жасыл түсті берген.Хафәз өлеңдерінде қызыл және қара түстерді көбірек қолданған. Бұл жағдай ақынның психологиялық ерекшелігіне қатысты берілген. Өйткені әр адам өз өмірінде және әр түрлі дәуірде арнайы түстерден ләззат алған немесе өзін тамаша сезінген [3,4].

Орыс тілінде негізгі түр-түс атауларымен қатар объектінің түсін нақтылайтын атаулар (изумрудный, малиновый, сиреневый), түстің реңктерін айқын көрсету үшін приставка қосылып жасалған атаулар (ярко-синий, светло-коричневый, бледно-розовый) қолданылады. Эмоциялық реңк үстемеленген атаулар (вызывающе розовый, темно лиловый, крутой красный), заттың атауымен тіркескен сөздер (цвет морской волны, цвет слоновой кости, цвет асфальта, цвет кофе с молоком, пепел розы, пьяная вишня, бежевый иней, мокрый асфальт), ассоциацияға негізделген атаулар қазір жиі қолданыста. Мәдениеттердің өзара тығыз байланысы нәтижесінде аталған түр-түстер қазақ мәдениетінен де орын алды.

Әр елдегі түстердің символикасы жайлы айтатын болсақ, мысалы, б.з.б.– сақ тайпалар одағы құрылды. Сақ қоғамының сипаты - әскери-демократиялық. Олар 3 негізгі топқа бөлінген, әр топтың өзіндік дәстүрлі түстері болған: Жауынгерлер – қызыл түс, абыздар-ақ түс, қауым мүшелері – сары және көк түс.



1 сурет

Тарихтан белгілі Көк түрік, Ақ Орда, Көк Орда, бала алғаш жүргенде аяғына ала жіп байлау— бәрі түр-түспен байланысты болып табылады. Тіпті, тұрмысқа жаңа шыққан қыз баланың ата-анасына орамал тігіп, өз мұңын, жағдайын, қуанышын, шат көңілін, жіптің түр-түсімен жеткізіп отырған. “Егер орамал қызыл жіппен кестеленсе, оның әке-шешесі бұл хабарға өте қатты қуанып, барған жеріне риза болған. Өйткені қызыл жіп қуанышты, шат көңілді, бейбіт өмірді білдіреді де, ал сары жіп – керісінше, уайым-қайғының белгісі болғандықтан, қыздың әке-шешесін сағынып жүргендігін білдірген” (1-сурет). Ал, Индия елінде қызыл түсті маңдайларына жаққан әйел адам тұрмыста депесептеледі. Табиғаттағы түр-түстің барлығы

әрқашанда бір заттың, құбылыстың түр-түсін, өң-реңкін, сыртқы сипатын ғана анықтаумен шектелмейді. Сонымен қатар түр-түс атаулары мүлдем түр-түске қатысы жоқ, немесе одан бүгінде өте алыстап кеткен ұғымдарды, мағыналарды, жөн-жосықтарды білдіретін де қасиеттерге ие. Солардың бірі – символикалық қасиеті. Символика алғаш көне гректің «символ» (symbolon – «белгілі бір қоғам мүшелері мен әлеуметтік топтар үшін ғана түсінікті шартты белгілер») сөзінен шығып, бүгінде «әр түрлі идеяны, түсінікті ұғымды, ойды, сезімді, іс-әрекетті білдіретін шартты белгілердің жиынтығы» деген мағынаны білдіреді.

Ақ – қайырымдылық пен пәктіктің түсі. Әлемнің көптеген елдерінде қалыңдық ақ киім киеді, сондай-ақ кейбір салт-дәстүрлерде ақ түсті жерлеу рәсімдерінде пайдаланады. Ақ маргаритка – бұл өзара махаббат белгісі. Ақ дүйсенбі түсі болып келеді. Ақ түс қуаты - жалпы ақ түс емес, ол көптеген түстердің жиынтығы. Сондықтан ақ – бұл қуат синтезі. Міне, неліктен көптеген елдерде ақ түс пәктіктің, ашықтықтың және шындықтың белгісі болып есептелінеді. Тіпті ежелгі заманда ата бабаларымыздың жартасқа салған бейнелері (2-сурет), Африка елінде Ндэмбу тайпасы да осы түсті қолданған (3- сурет). Сонымен қатар Қытай



2 сурет



3 сурет

елінде ақ түс гулдерден – хризантема гүлін, құстардан – айст пен тырна деп қарастырған. Ал, философия тұрғысында ақ түс Батысты, күзді, металлды білдірген. Қара – ең сиқырлы түс. Батыс елдерінің дәстүрлеріне сай қара өлім символы болып есептелінеді. Алайда, көптеген халықтарда (мысалы, Солтүстік Америка үндістерінде) қара - бұл жақсы түс, себебі ол құнарлы топырақты және жерді еске түсіреді. Қара – сенбі түсі. Қара – бұл түс емес, қара – бұл түстің жоқтығы. Әдетте, адамдар қарама-қарсылықты айтқанда олар ақ пен қара туралы айтады. Егер ақ түс бәрін анық қылса, қара түс керісінше жасырады деп ұғынылады. Жапондықтарда қара түс құуаныштың белгісі болып саналады [5,6].

Сары түс моңғолдарда мейірімділіктің белгісі болса, ал Қырым еліндегі татарлардың аяқ киімдерінің түсі болып саналған. Түрік елдерінде сары түс бай адамдардың аяқ киімінің түсі болған.

Жасыл түс мұсылман елдерінде ерекше жаңа өмірдің түсі ретінде саналған. Басқа діндегі елдерге жасыл түсті киімдерді киюге рұқсат берілмеген. Жапондықтарда ажалсыз, мәңгілік өмір деп саналады [7].



4 сурет

сурет).

Көк түсті әр елде бейбітшіліктің түсі, ашық аспан түсі ретінде көреді. Қз елімізде көк түс байрағымыздың белгісі.

Күлгін түс жапондықтарда "Мурасаки" деп аталады. Мурасаки деп көбінесе олар қоңырау гүлін айтқан. Тек қоңырау гүлін олар самурайларға ғана берген (4-сурет). Түстерді тек суретші ғана емес, оны ақын – жазушыларда өз ойларын анық жеткізу үшін қолданады [8].

Түр-түс атаулары – мәдениеттің жемісі, әрі мәдениетті жасайтын фактор; ұлттық мәдениетті танып-білудің негізгі құралы. Зерттеушілердің бұл салаға қызығушылықпен қарауының басты себебі осында (4

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аитова Н.Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы: Оқу құралы. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы АқМУ, 2006. – 161 бет.
2. Жарқынбекова Ш. Концепты цвета в казахской и русской культурах. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 226 с.
3. Гумбольдт В. О различии строения человеческих языков и его влияние на духовное развитие человека // В.фон Гумбольдт. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 2000, – 400 с.
4. ع.س.زاده قاسم. نامه فصل، "سدهری سهراب اشعار در رنگ روان شناسی"، ن ذ ی کو ی خت، 1382. ص 148.
5. Гачичеладзе Г.Р. Художественный перевод и литературные взаимосвязи. - 2-ое издание, – М.:Советский писатель, 1972. – 262 с.
6. Фрумкина Р.М. Цвет, смысл, сходство. – М.: Наука, 1984. – 174 с.
7. Қайдаров Ә., Өмірбеков Б., Ахтамбердиева З. Сырға толы түр мен түс. – Алматы: Қазақстан, 1986. – 95 б.
8. Семантические традиции цвета в культуре (<http://moy-bereg.ru/simvolika-tsvetov/semanticheskie-traditsii-tsveta-v-kulture.html>)

ӘОЖ 378.147.34

ҚАБЫРҒАДАҒЫ СУРЕТ НЕМЕСЕ СТРИТ –АРТ

Қасым Айдана Еркінқызы

aidanka-94-12@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕНУ Сәулет-құрылыс факультеті

«Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан.

Жетекшісі – Г.Б.Рахимжанова

Бүгінде қала көшелерінен қабырғадағы ашық та қанық түстермен әрленген көз жауын алар суреттер мен жазуларды жиі кездестіреміз. Біреу оған көңіл қойып қараса, енді біреулер мән бермей өте шығады. Ал бұл туралы шын мәнінде не білеміз? Батыстан бастау алған көше туындыларын өнер деп бағалауға бола ма әлде еріккеннің ермегі ме?

Стрит-арт немесе граффитиді өнер ретінде бағалайтындар да, бағаламайтындар да бар. Әркім әрқилы баға береді. Негізінен «граффити мен «стрит-арт» деген не?» деп сұрағандарға нақты бір сөзбен жауап беру қиын. Зерттеушілер ойы жеке тұлғаның өз көзқарасын халыққа жеткізудің альтернативтік түрі дегенге тоғысады [1].

Стрит-арт пен граффитидің тарихын ертеден бастауға болады. Ертеде қабырғаға салынған суреттер мен жазылған жазулар ежелгі Шығыс елдерінде, Грекия мен көне Рим